

**«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**  
**НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА»**

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР –  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ  
ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ -  
ИНСТРУКЦИЯ  
ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ  
КОРРУПЦИИ**

**Қарағанды, 2025**



*Құрастырушылар:*

**В.И. Олейник** — «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы

**Ш.А. Алиев** — «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің маманы

**Әдістемелік ұсынымдар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық = Методические рекомендации – инструкция по противодействию коррупции** : әдістемелік ұсынымдар / Құраст.: В.И. Олейник, Ш.А. Алиев. — Қарағанды : Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасы, 2025. — 155 б. — Қазақша, орысша.

Осы Әдістемелік ұсынымдар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу кезінде қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасы, азаматтық және әкімшілік заңнама, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, ведомстволық нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының әзірлемелері пайдаланылды.

© Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті, 2025

© Олейник В.И., Алиев Ш.А., 2025



# ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ





**«Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет»!**

*Қасым-Жомарт Тоқаев*

**«Ар-ождан алдындағы адалдық-өз қадір қасиетіне,  
ізгі іс-әрекетіңе байланысты»!**

*Аль-Фараби*

**«Телміріп тапқан теңгеден - тер төгіп тапқан  
тиын жұғымды»!**

*Ахмет Байтұрсынұлы*

**«Әділдіктің екі қайнар көзі бар: ешкімге зиян  
шектірмеу және қоғамға пайда келтіру»!**

*Цицерон*



«АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

**БҰЙРЫҚ**

160 № 04 ақпан 2025



НАО «КАРАГАНДИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА».

**ПРИКАЗ**

№ \_\_\_\_\_

ҚАРАҒАНДЫ қ.

г. ҚАРАҒАНДА

NLC «KARAGANDY UNIVERSITY  
OF THE NAME OF ACADEMICIAN E.A. BUKETOV»

**ORDER**

# \_\_\_\_\_

KARAGANDA

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ әдістемелік ұсынымдар-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы**

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің 2024-2025 жылдарға арналған кешенді жұмыс жоспарының 8-тармағына сәйкес, Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мәселелерін ішкі реттеу мақсатында, - **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ әдістемелік ұсынымдар - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы бекітілсін.

2. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы В. И. Олейник осы бұйрықты университеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, факультет декандарының және әскери кафедра бастығының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді..

Басқарма Төрағасы-Ректор



Н. Дулатбеков

000337



## I. Жалпы ережелер

1. Әдістемелік ұсынымдар - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Нұсқаулық (*бұдан әрі-Нұсқаулық*) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (*бұдан әрі - қоғам, Университет*) қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлық қаупімен ұштасқан жағдайлар туындаған жағдайда Қоғам қызметкерлері мен білім алушыларының іс-қимыл тәртібін регламенттейді және қызметтік міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдайлардың туындауының алдын алу жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

2. Осы Нұсқаулықта көрсетілген талаптар ең төменгі қажетті талаптар болып табылады және нақты жағдайға байланысты толық немесе шектеулі деп қарастырылмауы тиіс.

3. Университет өз қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген түріне төзбеушілік қағидатын ұстанады.

Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі келесі негізгі түйінді қағидаттарға негізделеді: заңдылық; сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік; басшылықтың сыбайлас жемқорлық көріністеріне ымырасыз қарым-қатынасының жеке үлгісі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің сыбайлас жемқорлық тәуекеліне мөлшерлестік қағидаты; сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер мен іс-шаралардың тиімділігі; кешенді тексеру; өзара іс-қимыл және үйлестіру; жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы; бақылау және мониторинг; ашықтық пен айқындық.

4. Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің негізгі бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары Директорлар кеңесінің 2022 жылдың 25 қарашадағы шешімімен (*25.11.2022 жылғы № 9 хаттама*) бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен және қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен регламенттеледі, олардың талаптарын сақтау қоғамның барлық



қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар үшін міндетті болып табылады.

5. 10.06.2021 ж. этика кодексіне, 08.08.2024 ж. корпоративтік басқару кодексіне және 25.11.2022 ж. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа сәйкес Қоғам мүдделі тұлғалар тарапынан да, қоғам қызметкерлері мен білім алушылары тарапынан да негізсіз пайда мен артықшылықтар алу немесе соларды сақтау мақсатында сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-қимылдарға жол бермеу үшін барлық күш-жігерін салады.

Заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, көрсетілетін қызметтер, пара алу және беру жөніндегі іс-әрекеттер заңға қайшы және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚБтК) және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) қолданысына жатады.

6. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

7. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында материалдық сыйақыларды, сыйлықтарды немесе қызметтерді заңсыз қабылдауға қатаң тыйым салынған.

ҚР ӘҚБтК-де 6 баптан тұратын 34-ші тарауда «Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар» қарастырылған. 3-бап әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамы жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі үшін жауаптылықты көздейді (676-бап), Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы (677-бап) және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (678-бап) үшін жауапкершілікті көздейді.

«Сыйға тартуға тыйым салу» Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 509-бабына сәйкес мемлекеттік



қызметшілерге және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған өзге де адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың сыйға тартушының пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, сыйлықтарды сыйға тартуға жол берілмейді.

Кәмелетке толмағандар мен әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың атынан олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ емдеу, тәрбиелеу мекемелерінің, әлеуметтік қорғау мекемелерінің және басқа да осыған ұқсас мекемелердің жұмыскерлеріне олардың емдеуіндегі, асырауындағы не тәрбиесіндегі азаматтардың, осы азаматтардың жұбайлары мен туыстарының атынан құны 10 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) аспайтын қарапайым сыйлықтар беруге жол беріледі.

8. ҚР ҚК 417 бабында парамен коммерциялық сатып алуға не паракорлыққа арандату, яғни коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда басқару функцияларын орындайтын адамға қылмыс жасау дәлелдемелерін қолдан жасау не бопсалау мақсатында оның келісімінсіз ақша, мүліктік игіліктер мен артықшылықтар беруге әрекеті үшін жауапкершілік көзделген.

ҚР ҚК 412-1 бабында қылмыс жасауға арандату, яғни жедел-іздістіру қызметін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамның кейін әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе бопсалау мақсатында адамды қылмыс жасауға көндірген заңсыз әрекеттері үшін жауапкершілік көзделген. Бұл норма құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан озбырлықтың жолын кесу мақсатында енгізілді.

Қылмыстық заңнамаға "арандату" ұғымын енгізу адам мен азаматтың құқығын негізсіз қылмыстық жауапкершілікке



тартудан, сондай-ақ оның ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау үшін іс бойынша дәлелдемелер алудың заңда белгіленген іс жүргізу тәртібін сақтау бөлігінде сот төрелігі мүдделерінің іске асырылуын қамтамасыз етуге байланысты.

## **II. Сыбайлас жемқорлық қауіпін төндіретін жағдайлар және олардың алдын алу жөніндегі талаптар**

9. Осы Нұсқаулықты іске асыру мақсатында сыбайлас жемқорлық қауіп төндіретін жағдайлар ретінде мыналар танылады:

1) Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына және (немесе) жасалуына ықпал ететін іс-әрекеттер жасалатын немесе жасалуы жоспарланатын жағдай;

2) Қоғам қызметкерінің жеке мүдделілігі оның лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына әсер ететін немесе ықпал етуі мүмкін және қызметкердің өзінің жеке мүдделерінің, азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерінің арасында азаматтардың, ұйымдар мен қоғамның құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдай.

10. Осы Нұсқаулықты іске асыру мақсатында Қоғамның барлық қызметкерлерінің атқаратын лауазымына қарамастан мынадай іс-әрекеттері (әрекетсіздіктері) сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекеттер деп танылады:

1) басқа мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне заңсыз араласу;

2) өзінің материалдық мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешуде өзінің қызметтік өкілеттіктерін немесе өзге де тұлғалардың материалдық мүдделерін пайдалану, егер мұндай пайдалану заңда көзделмесе;



3) шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде жеке немесе заңды тұлғаларға артықшылық беру;

4) қоғамға жұмысқа орналасу және мансап сатысы бойынша жоғарылату кезінде заңда көзделмеген артықшылықтар (протекционизм, отбасылық, жерлестік және т. б.) беру;

5) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде алынған ақпаратты, егер ол ресми таратылуға жатпаса, жеке мүддесі үшін немесе өзге де адамдардың мүддесі үшін пайдалану;

6) заңнамада көзделген жеке және заңды тұлғаларға ақпарат беруден негізсіз бас тарту, оны беруді кешіктіру, жалған немесе толық емес мәліметтер беру;

7) жеке және заңды тұлғалардан көрсетілген тұлғалардың заңнамада ұсынуы көзделмеген құжаттарды, материалдарды және ақпаратты талап ету;

8) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың заңда белгіленген тәртібін, сондай-ақ олардың құзыретіне кіретін өзге де мәселелерді қараудың (шешудің) белгіленген тәртібін бұзу;

9) азаматтық заңнамада айқындалған күн шегінде, сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде назардың символдық белгілері мен символдық кәдесыйларды қоспағанда, жоғары тұрған лауазымды адамдарға сыйлықтар беру және қызметтік емес қызметтер көрсету;

10) жеке және заңды тұлғаларға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға кедергі жасау;

11) әріптестерден, заңды тұлғалардан, азаматтардан және оларға жұмыс бойынша тәуелді өзге де тұлғалардан өз лауазымдық функцияларын орындауға байланысты сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтерді жалпы қамқорлығы немесе жұмыс бойынша рұқсат бергені үшін қабылдау.



11. Сыбайлас жемқорлық қауіпін төндіретін жағдайлардың туындауына жол бермеу мақсатында Қоғамның барлық қызметкерлері:

1) лауазымдық міндеттерін адал және жоғары кәсіби деңгейде орындау;

2) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде қандай да бір азаматтарға, топтарға және ұйымдарға артықшылық бермеуге, егер артықшылық көрсету заңда тікелей көзделмесе, жекелеген адамдардың, азаматтардың, топтар мен ұйымдардың ықпалынан тәуелсіз болуға;

3) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде лауазымдық міндеттерін адал атқаруға кедергі келтіретін қандай да бір жеке, мүліктік (қаржылық) және өзге де мүдделердің ықпалына байланысты әрекеттерді болғызбауға;

4) қызметтік, кәсіби әдеп нормаларын және іскерлік мінез-құлық қағидаларын сақтауға;

5) лауазымдық міндеттерін объективті орындауға күмән келтіруі мүмкін мінез-құлықтан тартыну, сондай-ақ олардың беделі мен Қоғамға нұқсан келтіретін жанжалды жағдайларды болдырмауға;

6) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу және оларды реттеу жөнінде заңнамада көзделген шараларды қабылдауға;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдардың, лауазымды адамдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, азаматтардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға **міндетті**.

12. Сыбайлас жемқорлық қауіпін төндіретін жағдайлардың туындауына жол бермеу мақсатында Қоғамның барлық қызметкерлеріне атқаратын қызметі мен атқаратын функцияларына қарамастан **тыйым салынады**:

1) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдерінен, кәсіпкерлік субъектілерінен, азаматтардан және өзге де тұлғалардан қандай да бір заңсыз сыйақы (сыйлықтар, ақшалай сыйақы, қызметтер және т. б.) алуға;



2) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға, кәсіпкерлік субъектілеріне, азаматтарға және өзге де тұлғаларға оларға немесе өзге де адамдарға, оның ішінде жақын туыстарына қандай да бір мүлік беруді, қандай да бір қызметтер көрсетуді, Қоғам қызметкерлерінің немесе олар көрсеткен адамдардың жеке мүдделері мен мүдделері үшін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруды ұсынуға;

3) азаматтық заңнамада айқындалған күн шегінде, сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде символдық сыпайылықтан басқа және символдық кәдесыйларды қоспағанда, жоғары тұрған лауазымды адамдарға сыйлықтар беру және қызметтік емес қызметтер көрсету;

4) азаматтық заңнамада айқындалған күн шегінде сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, жалпы қабылданған сыпайылық пен қонақжайлылық нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде символдық сыпайылықтан басқа және символдық кәдесыйларды қоспағанда, бағыныстылардан сыйлықтар мен қызметтік емес қызметтер алу.

### **III. Қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлейтін іс-қимыл белгілері**

13. Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрі – қылмыстық құрамдардың мемлекеттік (немесе) квазимемлекеттік құрылымдармен бірігуі, нәтижесінде басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлға немесе өзге де лауазымды тұлға бірінші кезекте жеке басын байыту мақсатында жұмыс істейді.

Сыбайлас жемқорлық тұрақты негізде заңсыз көмек алу туралы келісіммен қызметтік жағдайын пайдалана отырып, жеке тұлғалардың қылмыстық әрекеттерін жабуды қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлықты көптеген өлшемдер бойынша жіктеуге болады: пайда түрі бойынша (пайда алу немесе



шығыстарды азайту); бағыты бойынша (ішкі және сыртқы); субъектілердің өзара әрекеттесу тәсілі, орталықтандыру дәрежесі, болжамдылық және т.б. Сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі көріністері әртүрлі этикалық бағалауға ие: кейбір әрекеттер құқық бұзушылық, ал басқалары азғындық деп саналады. Соңғыларына, әдетте, саяси бағдар негізінде туыстық, руға (жүзге), тамыр-таныстық және т.б. жатады. Мұның бәрі лауазымға тағайындау кезінде әділеттілік қағидатын бұзады және қызметкердің алдына қойылған міндеттерді шешуге, сондай-ақ тұтастай алғанда ұйымның міндеттері мен мақсаттарын шешуге айтарлықтай кедергі келтіреді.

14. Осыған байланысты қоғамның әрбір қызметкері үшін қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды, сондай-ақ әдептілік нормаларын сақтау, адал және сатылмайтын болу аса маңызды болып табылады.

Себебі айналасындағылар пара беру, заңсыз сыйақы беру немесе пара беру туралы уәде ретінде немесе пара алуға келісім ретінде немесе пара беру туралы өтініш (*заңсыз сыйақы*) ретінде қабылдауы мүмкін мінез-құлық қоғам қызметкерлері үшін қолайсыз болып табылады, өйткені бұл оның объективтілігі мен адалдығына күмән келтіреді, ол қоғамның беделіне нұқсан келтіреді.

Осындай теріс салдардың алдын алу үшін Қоғам қызметкерлері мен білім алушылары әріптестерімен, ұйым өкілдерімен, өзге азаматтармен қарым-қатынас жасау тәсіліне назар аударуы және атап айтқанда, айналасындағыларға пара беру уәдесі немесе ұсынысы ретінде не параны қабылдауға келісім беру немесе пара (*заңсыз сыйақы*) беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін мінез-құлықтан бас тартуы тиіс.

15. Кейбір сөздер, сөз тіркестері және ымдау (*қимылдар*) айналасындағыларға пара немесе заңсыз сыйақы беру туралы өтініш (*тұспал*) ретінде қабылдануы мүмкін, сондықтан азаматтармен немесе мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдерімен, кәсіпкерлік субъектілерімен және өзге



де адамдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде осындай сөздерді қолданудан тартыну қажет.

Мұндай өрнектерге (сөз тіркестеріне) мыналар жатады, мысалы:

- «Алғысты нанға жаға алмайсың»;
- «Мәселені шешу қиын, бірақ мүмкін»;
- «Келісеміз»;
- «Әлдеқайда салмақты дәлелдер керек»;
- «Параметрлерді талқылау керек»;
- «Ал, не істейміз?» т.б.

16. Ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе пайдасы Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты болатын белгілі бір тақырыптарды талқылау пара (*заңсыз сыйақы*) беру туралы өтініш ретінде де қабылдануы мүмкін.

Мұндай тақырыптардың қатарына, мысалы:

- жалақының төмен деңгейі және қандай да бір жеке қажеттіліктерді іске асыруға ақша қаражатының жетіспеушілігі;
- қандай да бір мүлікті сатып алуға, қандай да бір қызметті алуға, туристік сапарға шығуға ниет білдіру;
- туыстарының жұмысының болмауы;
- балалардың білім беру мекемелеріне түсу қажеттілігі және т.б.

17. Қоғамның қызметкерінен (қызметкерлерінен) және білім алушыларынан белгілі бір, ұсыныстар, әсіресе егер олар ұйымдардың өкілдеріне және пайдасы олардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне байланысты болатын азаматтарға бағытталған болса, пара (*заңсыз сыйақы*) беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін. Бұл тіпті мұндай ұсыныстар ізгі ниеттен туындаған және қызметкердің (қызметкерлердің) жеке пайдасына ешқандай қатысы жоқ жағдайда да қабылдануы мүмкін.

Мұндай ұсыныстарға, мысалы келесі ұсыныстарды жатқызуға болады:



- қоғам қызметкеріне және (немесе) оның туыстарына жеңілдік беру;

- анықталған бұзушылықтарды жою, мемлекеттік келісімшарт шеңберінде жұмыстарды орындау, қажетті құжаттарды дайындау үшін нақты компанияның және (немесе) сарапшылардың қызметтерін пайдалану;

- белгілі бір қайырымдылық қорына ақша салу;

- белгілі бір спорт командасын қолдау және т.б.

18. Басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың және қоғамның жауапты тұлғаларының белгілі бір іс-әрекеттер жасауы да пара алуға келісім немесе пара (*заңсыз сыйақы*) беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін.

Мұндай әрекеттердің қатарына, мысал ретінде мыналар жатады:

- үнемі сыйлықтарды алу;

- лауазымды адамның шешімдерінен немесе әрекеттерінен (*әрекетсіздігінен*) пайда тапқан, пайда көріп отырған немесе пайда табуы мүмкін ұйым өкілдерімен бірлесіп мейрамханаларға бару.

#### **IV. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы жағдайлар туындаған кезде Қоғам қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмі**

19. **Арандатушылық жағдайлар:** қызметке жүгінген азаматтар мен өзге де адамдар тарапынан, сондай-ақ Қоғам қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдар тарапынан ықтимал арандатушылықтарды болдырмау үшін мынадай сақтық шараларын қатаң сақтау қажет:

1) қоғамның қызметкерлері болып табылмайтын келушілер орналасқан қызметтік үй-жайларды және жеке заттарды (киім, портфельдер, сөмкелер және т.б.) қараусыз қалдырмау;

2) келуші кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес әрекет жасамай, дереу Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке және Қоғам басшылығына баяндау.



**20. Пара (заңсыз сыйақы) ұсынған немесе бопсалаған кезде:**

1) пара беруші (пара бопсалаушы) не пара алуға (беруге) дайын немесе үзілді-кесілді бас тарту (*заңсыз сыйақы*) ретінде түсіндіре алатын асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сақ, сыпайы, жағымпазданбай, әрекет ету;

2) сізге ұсынылған шарттарды (сома мөлшерін, тауарлардың атауын және қызметтердің сипатын, параны (*заңсыз сыйақыны*) беру мерзімдері мен тәсілдерін, сатып алу нысанын, мәселелерді шешудің дәйектілігін) зейін салып тындап, айнытпай есте сақтау;

3) пара беру уақытын және орны туралы мәселелерді келесі әңгімеге дейін қалдыруға тырысу және келесі кездесуге сізге жақсы таныс жерді ұсыныңыз;

4) әңгімелесу кезінде бастаманы өзіңізге алмаңыз, көбінесе «тыңдаңыз», ықтимал пара алушыны (пара берушіні) «сөйлетіңіз», сізге көп мағлұматтарды айтқызуға тырысыңыз;

5) егер сіз пара беруге немесе (параға) коммерциялық сатып алуға келіссеңіз мәселеңізді шешудің кепілдіктері туралы сұраңыз;

6) осы факті туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке (СЖҚКҚ) және Қоғам басшылығына дереу хабарлау;

7) тиісті құқық қорғау органдарына дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша хабарлама жіберу.

**21. Мүдделер қақтығысы кезінде:**

1) мүдделер қақтығысының кез келген мүмкіндігіне мұқият қарау;

2) мүдделер қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қабылдау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті (*бұдан әрі - СЖҚКҚ*) және тікелей басшыны туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы сізге белгілі болғаннан кейін жазбаша нысанда хабардар етуге;



4) туындаған мүдделер қақтығысын дербес немесе СЖҚКҚ-мен және тікелей басшымен келісім бойынша еңсеру жөнінде шаралар қабылдау.

Қоғамның басшылығы өз уақытында:

1) мүдделер қақтығысының тарапы болып табылатын адамды лауазымдық міндеттерін орындаудан шеттетуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерін орындауды басқа адамға тапсыруға құқылы. Шеттету және тапсырма заңда белгіленген тәртіппен жүргізілуге тиіс;

2) лауазымдық міндеттерін өзгерту;

3) мүдделер қақтығысын жою бойынша шаралар қабылдау.

## **V. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы шешім қабылдау кезіндегі іс-әрекеттер**

22. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық туралы хабарламаның бір нысаны құқық қорғау органдарына жасырын жүгіну болып табылады. Анонимді хабарлама міндетті түрде тексеріледі, бірақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 181-бабының 6-тармағына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық туралы анонимді хабар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп бола алмайды.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңының 24-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесетін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен ұсынылады. Көрсетілген ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Бұл кепілдік заңға сәйкес жауаптылыққа жататын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпарат берген адамдарға қолданылмайды.



24. Пара (заңсыз сыйақы) немесе коммерциялық сатып алу бопсалаған жағдайда, сіз өз қалауыңыз бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе «1424» Call-орталығына ауызша немесе жазбаша арызбен жүгіне аласыз. Сондай-ақ Қоғам қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы Қоғамның СЖҚКҚ - **90-02-71** «сенім» немесе «Жедел желі» телефондары арқылы электрондық пошта: [Oleynik56@internet.ru](mailto:Oleynik56@internet.ru), WhatsApp мессенджері + **7 776 129 82 30** нөмірі арқылы хабарлау қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Сізге пара беру, бопсалау немесе коммерциялық сатыпалу фактісі туралы арызыңызда сіз нақты көрсетуіңіз керек:

1) лауазымды тұлғалардың қайсысы (*тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекемесі*) Сізге параны (*заңсыз сыйақы*) ұсынады немесе бопсалайды;

2) ұсынылатын немесе бопсаланатын параның (*заңсыз сыйақының*) сомасы мен сипаты қандай;

3) қандай нақты әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін сізге пара ұсынылады немесе бопсаланады немесе коммерциялық пара береді;

4) параны (*заңсыз сыйақыны*) тікелей беру қандай уақытта, қай жерде және қалай жүргізілуі немесе коммерциялық пара жүзеге асырылуы тиіс.

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жүгінумен қатар, қоғам қызметкерлері тікелей басшыны, СЖҚКҚ және басқарма мүшелерін дереу хабардар етуге міндетті. СЖҚКҚ хабарламаны Қоғамның Директорлар кеңесіне уақтылы жібереді. Бұл ретте қызметкерлер мүмкіндігінше дәлелдемелік базаны өздерінің дәлелдері бойынша (куәгерлер, құжаттар, хат алмасу, оның ішінде мессенджерлер арқылы, аудио және бейне материалдар және т.б.) уәкілетті органға және Қоғамның СЖҚКҚ-не ұсынады.



26. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық келіп түскен хабарламаларды СЖҚКК-ті дереу университет кеңсесінің тиісті журналына тіркейді және Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқарма Төрағасы-Ректорының назарына жеткізіледі.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың кез келген жағдайы анықталғаннан кейін Қоғам мен СЖҚКК басшылығы белгілі болған фактілерді және жағымсыз салдардың туындау мүмкіндігін бағалауға тиіс. Егер олардың шешім қабылдау үшін жеткілікті фактілері болмаса, олар «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережесінде белгіленген тәртіппен жүргізілетін қызметтік тергеуді бастауы тиіс.

## **УНИВЕРСИТЕТТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ХАБАРЛАУҒА БОЛАДЫ ?!**

### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС- ҚЫЗМЕТКЕ ЖҮГІНУ**



Электрондық пошта арқылы жіберу: [Oleynik56@internet.ru](mailto:Oleynik56@internet.ru)



WhatsApp мессенджері + 7 776 129 82 30 нөмірі бойынша



Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 38, № 230 кабинет



## VI. Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі 8 (7212) 90-02-71, шағын АТС - 1401



### *16-бап*





Квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде негiзгi мiндетi осы ұйымның және оның жұмыскерлерiнiң Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлiмше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтiң функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкiлеттiктерiн квазимемлекеттiк сектор субъектiсiнiң атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсiз жүзеге асырады, директорлар кеңесiне, байқау кеңесiне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсiз басқару органына есеп бередi және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезiнде тәуелсiз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметiнiң құзыретi, қызметiн ұйымдастыру мен оның тәртiбi квазимемлекеттiк сектор субъектiсiнiң iшкi актiсiнде айқындалады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПАЛЕНСТІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ	
МІНДЕТТЕРІ	ФУНКЦИЯЛАРЫ
<input checked="" type="checkbox"/> СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КҮКЫК БУЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ	<input checked="" type="checkbox"/> СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТАЛДАУ
<input checked="" type="checkbox"/> СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ ЖҮЗЕСІН ІСКЕ АСЫРУ	<input checked="" type="checkbox"/> МОНИТОРИНГ
<input checked="" type="checkbox"/> СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАҒАЛАУ	<input checked="" type="checkbox"/> ІІҚ ӘЗІРЛЕУ
	<input checked="" type="checkbox"/> ТҮСІНДІРУ ІС-ШАРАЛАРЫН ӨТКІЗУ
	<input checked="" type="checkbox"/> КОНТРАГЕНТТЕРДІ ТЕКСЕРУ
	<input checked="" type="checkbox"/> МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ
	<input checked="" type="checkbox"/> СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ



### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚҰРАЛДАРЫ

#### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА НЕҒҰРЛЫМ БЕЙІМ САЛАЛАРДЫ АНЫҚТАУ

#### МОНИТОРИНГ БАРЫСЫНДА ЗЕРТТЕЛЕДІ:

- құқықтық статистика органдарының деректері;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері;
- өлеуметтік сауалнама деректері;
- БАҚ-тағы жарияланымдар

#### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ТАЛДАУ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН СЕБЕПТЕР МЕН САЛДАРЛАРДЫ АНЫҚТАУ

#### БАҒЫТТАР

НҚА-да тәуекелдерді анықтау

ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі тәуекелдерді анықтау

құқықтық қақтығыстар мен олқылықтар дискрециялық нормалар

персоналды басқару, қызмет көрсету, мүдделер қақтығысын анықтау және т. б.

#### ТҮРЛЕРІ

СЫРТҚЫ

ІШКІ



## УЖЫМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ




КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕР КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТИСІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРУ ІС-ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗЕДІ



ЖҮЙЕНІ ҚҰРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЭЛЕМЕНТ - МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӨКЕЛЕТІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ



КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕУ МӘЖІЛІСТЕР, ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАР, БРИФИНГТЕР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, БАҒЫНЫСТЫЛАРҒА ЖАҢА АҚПАРАТТЫ ЖЕТКІЗУ, БАЯНДАМА НЕМЕСЕ ЕСЕП



27. Қоғамның, оның қызметкерлерінің және білім алушылардың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптарды және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам ұстануға міндетті Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеушілік талаптарды, сондай-ақ аталған талаптарды орындау жөніндегі саясат пен рәсімдерді белгілейтін Қоғамның ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету үшін Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметтің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі нормативтік құжатпен (Ережемен) регламенттеледі.

28. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттігін атқарушы органға, квазимемлекеттік сектордың лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Бұл ретте сыбайлас



жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мүдделердің ықтимал қақтығысын ескере отырып айқындалады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын Қоғамның басқа құрылымдық бөлімшелерімен қоса атқаруға жол берілмейді.

29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық, әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсетеді.

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

### Кенес беру:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша;
- Өтініштер мен хабарламаларды қарау барысы туралы;
- Сыбайлас жемқорлық фактісі туралы хабарлаған адамдарды марапаттау;
- Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер.

### Хабарламаларды қабылдау:

- Сыбайлас жемқорлық фактілері, оның ішінде жасалған немесе дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы;
- Әкімшілік - басқару персоналы қызметкерлерінің, оқытушылар мен қызметкерлердің, сондай-ақ Қоғамның Басқармасы мүшелерінің заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы;
- Профессор оқытушылар құрамы деңгейінің кәсіби стандарттарға сәйкес келмеуі туралы;
- Университет қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату кезіндегі құқық бұзушылықтар туралы;
- Пікірлер, ұсыныстар



## VII. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ХАБАРЛАУ КЕРЕК?!

<p><b>СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?</b></p> <p>Жеке басының мақсаттарында пайда алу үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану</p> <p>Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, әрбір отбасының амандығына, біздің балаларымыздың жарқын болашағына және жалпы еліміздің дамуына төнген қатер болып табылады</p> <p><b>ANTICORRUPTION.GOV.KZ</b></p>	<p><b>ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ХАБАРЛАЙДЫ?</b></p> <p><b>01</b> Жақын жердегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Департаментіне <b>жазбаша</b> жүгініңіз</p> <p><b>02</b> <b>E-otinish</b> порталы арқылы өтініш жіберіңіз (<b>ЭЦҚ талап етіледі</b>)</p> <p><b>03</b> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына төмендегі нөмір бойынша қонырау шалыңыз</p> <p><b>1424</b></p>	<p><b>ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАНЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ</b></p> <p>Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлағаны үшін <b>4000 АЕК дейін</b> сыйақы қарастырылған</p> <p><b>Т 13 800 000</b></p>	<p><b>ЖЕМҚОРЛЫҚ ҮШІН ҚАНДАЙ ЖАЗА ҚОЛДАНЫЛАДЫ?</b></p> <p>Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық кодексте және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қарастырылған</p> <p><b>15 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ</b></p>
--	---	--	--

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ


**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ХАБАРЛАУ КЕРЕК?**

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау – әрбір азаматтың ісі  
Егер сіз құқық бұзушылықтың куәсі болсаңыз бізге хабарлаңыз

<b>КІМ</b> талап етті?	<b>НЕ</b> талап етті?	<b>ҚАШАН</b> орын алды?	<b>ҚАЙДА</b> орын алды?	<b>НЕ ҮШІН?</b>

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ҮШІН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ CALL-ОРТАЛЫҒЫНА ЖҮГІНІҢІЗ

**1424** 



**ПАРА БЕРУ  
БОСТАНДЫҚТАН  
АЙЫРАДЫ ЖӘНЕ  
БҰЛЫҢҒЫР БОЛАШАҚ.**

**СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ТАП БОЛСАҢЫЗ –  
ҚОҢЫРАУ  
ШАЛЫҢЫЗ!**

**ҮНДЕМЕЙ ҚАЛМАҢЫЗ!**

Call-орталық  
ANTIKOR  
**1424**  
ҚОҢЫРАУ  
ШАЛУ ТЕПІ

**ANTIKOR**  
Қазақстан Республикасындағы Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-шаралар агенттігі  
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)



# ҮНДЕМЕЙ ҚАЛМАҢЫЗ!

- Параны қорқытып алып жатса
- Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы ақпаратыңыз болса

## Хабарлаңыз!

1424

Call-орталық  
ҚОҢЫРАУ  
ШАЛУ ТЕГІН

1424

Call-орталық  
ҚОҢЫРАУ  
ШАЛУ ТЕГІН

1424

Call-орталық  
ҚОҢЫРАУ  
ШАЛУ ТЕГІН

1424

Call-орталық  
ҚОҢЫРАУ  
ШАЛУ ТЕГІН



Қазақстан Республикасындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

Call-орталық  
ҚОҢЫРАУ  
ШАЛУ ТЕГІН

# 1424

# БІР АДАМНЫҢ ШЕШІМІ

## ҚАЛҒАНДАРЫН ҚҰТҚАРА АЛАДЫ



# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАП БОЛСАҢ,


## ҚОҢЫРАУ

## ШАЛУ



ҚОҢЫРАУ  
ШАЛУ ТЕГІН

# 1424



Call-орталық



31. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы ауызша хабарламалар мен жазбаша арыздар қабылданады. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 181, 185 - 186 - баптарымен реттеледі.

Құқық қорғау органының кезекші бөлімінде сіздің ауызша немесе жазбаша нысандағы хабарламанызды тыңдауға және қабылдауға міндетті. Бұл ретте Сізге хабарламаны қабылдаған қызметкердің тегін, лауазымын және жұмыс телефонын сұраған жөн.

Сіз өзіңіздің арызыңыздың құқық қорғау органында тіркелгені туралы белгісі бар көшірмесін немесе хабарламаны қабылдаған қызметкер туралы мәліметтерді және оның қолын, тіркеу нөмірін, құқық қорғау органының атауын, мекенжайы мен телефонын, хабарламаны қабылдаған күнін көрсететін талон-хабарламаны алуға құқығыңыз бар.

Құқық қорғау органында Сізден алынған хабарлама (арыз) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес процестік әрекеттерді жүзеге асыру үшін дереу тіркеліп, жоғары тұрған басшыға баяндалуы тиіс.

Сіз өзіңіздің өтінішіңізді орындаумен айналысуға тапсырылған құқық қорғау органынан қабылданатын шаралардың сипаты туралы білуге және Сіздің құқықтарыңыз бен заңды мүдделеріңізге қатысты мәселелер бойынша толық ақпарат алу үшін сізді тиісті бөлімше басшысының қабылдауын талап етуге құқығыңыз бар.

Сізден хабарды (арызды) қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Сіздің осы заңсыз іс-әрекеттерге жоғары тұрған инстанцияларға шағымдануға, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттеріне жоғары тұрған құқық қорғау органдары мен күш құрылымдарының қызметіне прокурорлық қадағалауды жүзеге асыратын органға шағым беруге құқығыңыз бар.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу бойынша





Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 29 тамыздағы № 270 бұйрығы Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелеу қағидаларын (*бұдан әрі-Қағида*) бекіту туралы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 24-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдескен адамдарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

Осы Қағидаға сәйкес Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарға, грамотамен марапаттау алғыс жариялау арқылы, біржолғы ақшалай сыйақы формасында жүзеге асырылатын көтермелеулер белгіленеді.

Параның немесе келтірілген залалдың сомасы не ұсынылған жеңілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен (*бұдан әрі – АЕК*) аспайтын немесе залал келтірілмеген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;

2) онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;

3) ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;

4) ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;

5) аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша–100 АЕК

Пара немесе келтірілген залал сомасы немесе ұсынылған жеңілдіктер немесе көрсетілген қызметтер құны бір мың АЕК



асатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы пара немесе келтірілген залал немесе ұсынылған жеңілдіктер немесе көрсетілген қызметтер сомасының он пайызын құрайды, бірақ төрт мың АЕК-тен көп емес.

Көтермелеу мөлшерін айқындау кезінде осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген актілер күшіне енген күнгі қолданыстағы айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

Көтермелеуді қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдемдесуді қамтиды.

өтермелеу, егер адам берген ақпарат шындыққа сәйкес болса не адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдемдесуі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге ықпал еткен болса және айыпты адамға қатысты:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енген;

2) айыптау үкімі заңды күшіне енген;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларының немесе 36-бабының негізінде, соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысы заңды күшіне енген, қылмыстық қудалау органының қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысын прокурор бекіткен жағдайда жүзеге асырылады.

Егер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамның ақпараты негізінде:



1) ауырлығы әртүрлі дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу олардың анағұрлым ауыры үшін осы Қағидалардың 2-тармағында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады;

2) ауырлығы бірдей дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу бір рет жүзеге асырылады.



**34-тарау. ӘКІМШІЛІК СЫБАЙЛАС  
ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

**676-бап.** Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

**677-бап.** Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы

**678-бап.** Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

**679-бап.** Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы

**680-бап.** Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы

**681-бап.** Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылда



## СЫЙЛЫҚТАР

*Ақша, бағалы қағаздар, мүлік, мүлікке құқық немесе мемлекеттік функцияларды орындағаны үшін пайда, делдалдық*

### ЖАУАПКЕРШІЛІК:



Қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту / жұмыстан шығару



Қорға тапсыру (7 күн ішінде ҚР ҚМ ММЖК) / сатып алу



«Сыйлық алу туралы хабарламаны » толтыру (сыйлық алған күннен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде) ISO 37001: 2016 халықаралық стандартының талаптары бойынша



Сыйлықтың құны 2 АЕК дейінгі мөлшерде болса - әкімшілік жауапкершілікке тартылады



Сыйлықтың құны 2 АЕК-тен жоғары мөлшерде болса - қылмыстық жауапкершілікке тартылады



Жеке тұлғаға 200 АЕК мөлшерінде, лауазымды тұлғаға 600 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады



Беруші заңды тұлға болса 750 АЕК мөлшерінде, бір жыл ішінде қайталанатын болса 1500 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## ЗАҢНАМА:



ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 50-бабы



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 676-678, 472-баптары



Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366-бабына ескерту

## МЫСАЛДАР



Аралық сынақтарды, емтихандарды, дипломдық жұмыстарды тапсырғаны үшін сыйлық



Жұмысқа байланысты сыйлық, мәселені тез шешу



Шоколад қорабынан суреттер мен сағаттарға дейінгі сыйлықтар



Жарнамалық өнімдер



Концерттерге билеттер, бизнесмендер есебінен жеке кештер және т.б.

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## БАСШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ЖАУАПКЕРШІЛІГІ



Қарамағындағы қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық орын алғанда

### **ЖАУАПКЕРШІЛІК:**



Мемлекеттік саяси қызметкерлер: отставкаға кетеді

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер: толық емес қызметтік сәйкестік / жұмыстан босатылады

### **ЗАҢНАМА:**



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»,  
«Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР заңдары

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАМАУ

### ЖАУАПКЕРШІЛІК:



Тәртіптік жауапкершілік/жұмыстан шығару



100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады

### ЗАҢНАМА:



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 680-бабы



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»,  
«Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР заңдары

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



**15-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ПЕН  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ МҮДДЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ  
ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

**361-бап.** Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану

**362-бап.** Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану

**363-бап.** Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу

**364-бап.** Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу

**365-бап.** Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау

**366-бап.** Пара алу

**367-бап.** Пара беру

**368-бап.** Паракорлыққа делдал болу

**369-бап.** Қызметтік жалғандық жасау

**370-бап.** Қызметтегі әрекетсіздік

**370-1-бап.** Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның немесе құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның өзге басшысының қызмет бойынша әрекетсіздігі

**370-2-бап.** Құқық қорғау органы немесе арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің қызмет міндеттерін атқарудан бас тартуы немесе жалғаруы

**371-бап.** Салғырттық



**9-тарау. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ  
ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТ МҮДДЕЛЕРІНЕ  
ҚАРСЫ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАР**

**250-бап.** Өкілеттіктерді теріс пайдалану

**251-бап.** Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы

**252-бап.** Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы

**253-бап.** Параға коммерциялық сатып алу

**254-бап.** Міндеттеріне адал қарамау



## **САЛҒЫРТТЫҚ / ӘРЕКЕТСІЗДІК**



Міндеттерді орындамау - содан пайда алу, қызметке адал емес, ұқыпсыз қарау-азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне зиян келтіру

### **ЖАУАПКЕРШІЛІК:**



1000 нан 4000 АЕК-ке дейін, 2000-нан 5000 АЕК-ке дейін айыппұл



қоғамдық жұмыста 400 сағаттан 1000 сағатқа дейін немесе 1 жылдан 4 жылға дейін бас бостандығынан шектеу немесе айыру



қоғамдық жұмыста 600-1200 сағатқа дейін немесе 2 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан шектеу немесе айыру

### **ЗАҢНАМА:**



Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 370 және 371-баптары

### **МЫСАЛДАР**



Мәселені сапасыз зерттеу (жеке мақсаттар, пайда үшін) теріс салдарға әкеледі



Студенттердің, профессор оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің университет өміріне қатысты өтініштерін елемеу (жеке мақсатта, пайда табу)

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## ЛАУАЗЫМДЫҚ ӨКІЛЕТТІГІН ТЕРІС ПАЙДАЛАНУ/ АСЫРА ПАЙЛАНУ



Университеттің мүддесіне қарама-қайшы келетін пайда табу

### ЖАУАПКЕРШІЛІК:



2000-нан 5000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл



600-1200 сағатқа қоғамдық жұмыстарға немесе 2 жылдан 10 жылға бас бостандығынан шектеу немесе айыру

### ЗАННАМА:



Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361, 362-баптары

### МЫСАЛДАР



Мемлекеттік мүлікті (университеттің) жеке мақсатта пайдалану (автокөлік, материалдық-техникалық құралдар)



Қоңырау шалу арқылы анықтамаларды, құжаттарды, басқада қызметтерді алу



Құжаттарды, нақты мән-жайларды тиісінше тексермей және материалдық емес көмек түрінде университет қаражатын беру, бюджет қаражатын ысырап ету

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## **ҚЫЗМЕТТІК ЖАЛҒАНДЫҚ ЖАСАУ**



Құжаттарға жалған мәліметтер енгізу / нақты мазмұнды бұрмалау

## **ЖАУАПКЕРШІЛІК:**



2000-нан 3000 АЕК-ке дейін немесе қоғамдық жұмыстардың 600-800 сағаты мөлшерінде айыппұл



2 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу

## **ЗАҢНАМА:**



Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 369-бабы

## **МЫСАЛДАР**



Ресми құжаттардағы жалған деректемелер (күнін қою, қолды қолдан жасау)



Ресми құжаттағы мәліметтердің бөлігін жою



Іс жүзінде болмаған жағдайда орындалған жұмыстар актісіне қол қою



Ресми құжаттардағы парақтардың жалғандығы ауыстырылуы

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ФАКТИСІ ТУРАЛЫ КӨРІНЕУ ЖАЛҒАН АҚПАРАТ**



Ақпараттың өзектілігі мен сенімділігі

### **ЖАУАПКЕРШІЛІК:**



Ескерту немесе 20 АЕК мөлшерінде, бір жыл ішінде қайталанса 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады

### **ЗАҢНАМА:**



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 439 бабы



### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАН АДАМДАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУ**



Мемлекеттің қорғауында болады



Біржолғы сыйақы 30-дан 100 АЕК-ке дейін, пара сомасының 10% - ы, 4000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде (шамамен 16 млн. тг.)

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## **ПАРАҚОРЛЫҚ**



Ақша, бағалы қағаздар, мүлік, мүлікке құқық немесе мемлекеттік функцияларды орындағаны үшін пайда, делдалдық

## **ЖАУАПКЕРШІЛІК:**



Пара сомасының 20 еселенгеннен 80 еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға жазаланады



3 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, мүлікті тәркілеу, лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру

## **ЗАҢНАМА:**



Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366-368-баптары

## **МЫСАЛДАР**



Гранттарды, жатақханадағы орындарды бөлу мәселелері бойынша оң шешім үшін пара



Жеделдетілген мерзімде мұрағаттық анықтамалар, транскриптер, дипломдар беру



Қарамағындағыларды қамқорлыққа алғаны үшін

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



34. Парақорлық үшін қылмыстық жауапкершіліктің жекелеген аспектілері

### **Пара**

**Пара алу** - аса қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер ол адамдар тобымен немесе қорқытып алушылықпен жасалса, бұл лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен пайда алуынан тұрады

**Пара беру** - бұл лауазымды тұлғаны заңды немесе заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауға итермелеуге немесе берушінің пайдасына қандай-да бір артықшылықтар беруге немесе алуға, оның ішінде жалпы қамқорлығына алуға бағытталған қылмыс

Парақорлыққа делдал болу - пара берушінің немесе пара алушының тапсырмасы бойынша тікелей беру не пара берушіге және (немесе) пара алушыға олардың арасында пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге не оны іске асыруға өзге де ықпал ету.

### **Пара деп түсініледі:**

Заттар-ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер мен бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомобильдер, Тамақ өнімдері, бейнетехника, Тұрмыстық техника және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, саяжайлар, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік.

Қызметтер мен артықшылықтар — емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторий және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа шығындарды ақысыз немесе арзан бағамен төлеу.

Параның жабық нысаны-қарызға немесе жоқ қарызды өтеу түріндегі банктік несие, төмен бағамен сатып алынған тауарларға ақы төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, пара алушыға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеу арқылы жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікпен несие алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін алымдарды



көбейту, "кездейсоқ" казинодағы ұтыстар, жалдау ақысының төмендеуі, несие бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өсуі және т.б.

Пара тікелей де ("егер мәселе біздің пайдамызға шешілсе, Сіз ... аласыз") және жанама түрде де ұсынылуы мүмкін.

Пара берген немесе коммерциялық параға сатып алған азамат, жауапкершіліктен босатылуы мүмкін, егер:

- бопсалау фактісі анықталса;
- азамат өз еркімен құқық қорғау органдарына жасаған әрекеті туралы хабарласа.

**Көрінеу жалған сөз жеткізу**, адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұласқан не пайдакүнемдік ниетпен жасалған іс-әрекет Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыс ретінде қаралады және үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (**КК 419-бабының үшінші тармағы**), осы баптың екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топтың мүдделеріне орай жасалған іс-әрекеттер – бес жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (**ҚР ҚК 419-бабының төртінші тармағы**).

35. Пара алғаны үшін кім қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін?

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген лауазымды адам және оған теңестірілген адам пара алушы деп танылуы мүмкін.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар-мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленетін лауазымдарды атқаратын адамдар.

### **Паракорлық үшін қылмыстық жаза**

Пара алу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде пара беруден гөрі қоғамға қауіпті әрекет ретінде қарастырылады.



## **ҚР ҚК 366-бабы. Пара алу**

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

1-1. Құқық қорғау органының қызметкері немесе құқық қорғау органында жауапты мемлекеттік лауазым атқаратын адам немесе судья жасаған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, айтарлықтай мөлшерде жасалған іс-әрекеттер, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



3. Осы баптың бірінші, 1-1 немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

- 1) қорқытып алу жолымен;
- 2) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 3) ірі мөлшерде;

4) бірнеше рет жасалса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның алпыс еселенгеннен жетпіс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, 1-1, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса, сол сияқты аса ірі мөлшерде жасалса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жетпіс еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

**Ескерту.** Егер сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады..

### **367-бап. Пара беру**

1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра



отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның отыз еселенгеннен қырық еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар:

- 1) адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;
- 2) ірі мөлшерде;

3) бірнеше рет жасалса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның қырық еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер олар аса ірі мөлшерде жасалса немесе оларды қылмыстық топ жасаса, – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

### **Ескертулер.**

1. Осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сыйлықты бірінші рет беру, егер осы адам жасаған әрекеттер (әрекетсіздік) алдын ала уағдаластықпен байланысты болмаса, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. Пара берген адам, егер оған қатысты осы Кодекстің 366-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам тарапынан параны қорқытып алу орын алған болса немесе егер осы адам пара бергені



туралы құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

### **368-бап. Парақорлыққа делдал болу**

1. Парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал ету – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған не қылмыстық топ немесе адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

### **36. Пара ұсынған немесе бопсалаған жағдайда қалай әрекет ету керек**

- пара беруші (пара бопсалаушы) не пара алуға (беруге) дайын немесе үзілді-кесілді бас тарту (заңсыз сыйақы) ретінде түсіндіре алатын асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сақ, сыпайы, жағымпазданбай, әрекет ету;

- сізге ұсынылған шарттарды (сома мөлшерін, тауарлардың атауын және қызметтердің сипатын, параны *(заңсыз сыйақыны)* беру мерзімдері мен тәсілдерін, сатып алу нысанын, мәселелерді шешудің дәйектілігін) зейін салып тыңдап, айнытпай есте сақтау;

- пара беру уақытын және орны туралы мәселелерді келесі әңгімеге дейін қалдыруға тырысу және келесі кездесуге Сізге жақсы таныс жерді ұсыныңыз;

- әңгімелесу кезінде бастаманы өзіңізге алмаңыз, көбінесе «тыңдаңыз», ықтимал пара алушыны (пара берушіні) «сөйлетіңіз»,



Сізге көп мағлұматтарды айтқызуға тырысыңыз;

- егер сізде диктофон болса, пара немесе оны бопсалау туралы ұсынысты (жасырын) жазуға тырысыңыз.

### **37. Пара беру немесе бопсалау фактісі орын алғаннан кейін бірден не істеу керек?**

Осы факті туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне баяндау.

Дайындалып жатқан қылмыс туралы ауызша немесе жазбаша хабарламамен сіздің жұмыс орныңыз бойынша құқық қорғау органдарының біріне немесе олардың жоғары тұрған органдарына жүгіну. Жергілікті билік органдарының өкілдері, құқық қорғау органдарының және өзге де мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері тарапынан пара ұсынылған немесе бопсаланған жағдайларда сіз өз қызметкерлері жасаған қылмыстардың жолын кесу мәселелерімен айналысатын осы органдардың өз қауіпсіздігі бөлімшелеріне не Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдарына, оның аумақтық бөлімшелеріне тікелей жүгіне аласыз.

Сізге пара беру немесе пара сұрау туралы хабарлама жіберген құқық қорғау органы басшысының қабылдауына бару.

Сізге пара беру немесе бопсалау фактісі туралы арыз жазыңыз, онда нақты көрсету керек:

- лауазымды тұлғалардың қайсысы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, мекемесі) сізге пара ұсынып отыр немесе оны бопсалайды;
- ұсынылған немесе бопсаланатын параның мөлшері мен сипаты қандай;
- сізге қандай нақты іс-әрекеттер (немесе әрекетсіздік) үшін пара ұсынылады немесе сол үшін бопсалады;
- параны тікелей беру қай уақытта, қай жерде және қалай жүзеге асырылуы керек;
- әрі қарай құқық қорғау органының нұсқауларына сәйкес әрекет ету;
- белгіленген тәртіппен жіберу.



38. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылықтың жекелеген аспектілері

### **250-бап. Өкілеттіктерді теріс пайдалану**

1. Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның өз өкілеттіктерін осы ұйымның заңды мүдделеріне қарсы және өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері, ірі қатысушы (ірі акционер) – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) – заңды тұлғаның басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органның басшысы, мүшесі, бас бухгалтері жасаған, азаматқа, заңды тұлғаға, мемлекетке, қаржы ұйымына ірі нұқсан келтірген дәл сол іс-әрекеттер, – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылдан қаржы ұйымының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқаруға және қаржы ұйымының ірі қатысушысы (ірі акционері) болуға өмір бойына тыйым салу белгіленгенге дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға



тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

**251-бап. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы**

1. Жекеше нотариустың, бағалаушының, жеке сот орындаушысының, медиатордың, аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитордың немесе аудиторлық ұйым басшысының өз өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы және өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл іс-әрекет азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе, – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Көрінеу кәмелетке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қатысты не бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



## **252-бап. Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы**

1. Жекеше күзет қызметі басшысының немесе қызметшісінің лицензияға сәйкес өздеріне берілген өкілеттіктерін өз қызметінің міндеттеріне қайшы асыра пайдалануы, егер бұл іс-әрекет күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп жасалса, – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Қару немесе арнайы құралдар қолданып жасалған немесе ауыр зардаптар келтірген дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

## **253-бап. Параға коммерциялық сатып алу**

1. Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету – бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет не адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен не ірі мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, берілген ақша сомасының немесе берілген



мүлік құнының отыз еселенгеннен қырық еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ жасаған не аса ірі мөлшерде жасалған іс-әрекеттер – мүлкі тәркіленіп, берілген ақша сомасының немесе берілген мүлік құнының қырық еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның ақшаны, бағалы қағаздарды, басқа да мүлікті заңсыз алуы, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделерінде қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін мүліктік сипаттағы көрсетілетін қызметтерді пайдалануы – мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды:

- 1) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаса;
- 2) бірнеше рет жасалса;
- 3) қорқытып алумен ұштасса;
- 4) ірі мөлшерде жасалса, – мүлкі тәркіленіп, берілген ақша сомасының немесе берілген мүлік құнының алпыс еселенгеннен жетпіс еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



6. Осы баптың төртінші немесе бесінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттер, егер оларды қылмыстық топ жасаса немесе олар аса ірі мөлшерде жасалса, – мүлкі тәркіленіп, берілген ақша сомасының немесе берілген мүлік құнының жетпіс еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескертулер.

1. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерді жасаған адам, егер оған қатысты қорқытып алушылық орын алған болса немесе егер ол құқық қорғау органына немесе арнаулы мемлекеттік органға параға сатып алушылық туралы өз еркімен хабарласа, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

2. Бұрын жасалған заңды әрекеттер үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде мүлікті беру немесе алу, мүліктік сипатта қызметтер көрсету немесе мұндай көрсетілетін қызметтерді сыйлық немесе сыйақы ретінде пайдалану, егер мүліктің немесе көрсетілетін қызметтердің құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса, онша маңызды болмауына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.

### **254-бап. Міндеттеріне адал қарамау**

Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның өз қызметіне адал қарамауы немесе ұқыпсыз қарауы салдарынан өз міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы, егер бұл адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



## VIII. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

МАТЕРИАЛДЫҚ СЫЙАҚЫНЫ, СЫЙЛЫҚТАРДЫ НЕМЕСЕ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНҒАН АДАМНЫҢ ПАЙДАСЫНА ЖАСАЛҒАН ӘРЕКЕТТЕРІ (ӘРЕКЕТСІЗДІГІ) ҮШІН, ОЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

МЕМЛЕКЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОРЫНДАУМЕН СЫЙЫСПАЙТЫН ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ЖАҚЫН ТУЫСТАРДЫҢ, ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ЖЕҚАТТАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТІНЕ (ЖҰМЫСЫНА) ЖОЛ БЕРМЕУ

МҮЛІКТІК ЖӘНЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ИГІЛІКТЕР МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР АЛУ НЕМЕСЕ ТАБУ МАҚСАТЫНДА РЕСМИ ТАРАТЫЛУҒА ЖАТПАЙТЫН ҚЫЗМЕТТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ТЫС ОРНАЛАСҚАН ШЕТЕЛДІК БАНКТЕРДЕ ШОТТАР (САЛЫМДАР) АШУ ЖӘНЕ ИЕЛЕНУ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕРДІ  
ҚАБЫЛДАУҒА МІНДЕТТІ  
КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК  
СЕКТОРДАҒЫ ЛАУАЗЫМДЫ  
ТҰЛҒАЛАР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ  
СУБЪЕКТІЛЕР

- БАСҚАРУШЫЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАРДЫ АТҚАРАТЫН (БІРІНШІ БАСШЫЛАР МЕН ОРЫНБАСАРЛАРЫ) ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАР
- САТЫП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУДЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН ТҰЛҒАЛАР
- МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТЕН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН ҚАРЖЫЛАНДЫРАТЫН ЖОБАЛАРДЫ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУШЫ ТҰЛҒАЛАР
- ӘРЕКЕТІ НЕ ӘРЕКЕТСІЗДІГІ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ СЫЙАҚЫ СЫЙЛЫҚ АЛУҒА ҚҰҚЫ ҒЫ ЖОҚ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ



39. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер** - бұл мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызметке кандидаттар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар, оларға тенестірілген адамдар өздеріне алатын белгілі бір іс-әрекеттер жасауға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу.

**Шектеулердің мақсаты:** қызметтік өкілеттіктерді жеке, топтық немесе өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға жол бермеу есебінен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлық мінез-құлқы үшін жағдайларды болдырмау.

**Шектеулер тізімі.** "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 12-бабы:

- мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

- жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

- материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау;

- Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау;

- "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген анықтамаға жататын ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу, сол сияқты



құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге сол үшін бөлінбеген орындарда қатысу немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

Жекелеген мемлекеттік функцияларды орындау тәртібін реттейтін заңдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шектеулерді көздейтін басқа да құқықтық нормалар белгіленуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдардың келісімін тиісті ұйымдардың персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері) жазбаша нысанда тіркейді.

Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға (атқарып жүрген лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) алып келеді, оларды сақтамау жұмыстан шығаруға (атқарып жүрген лауазымынан босатуға, өкілеттіктерін тоқтатуға) негіз болып табылады.

Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамның отбасы мүшелері материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, құқылы емес.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңында аталған адамның отбасы мүшелері деп оның жұбайы (зайыбы), ата-аналары, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты тұратын адамдар түсініледі.

Жекжаттар-ерлі-зайыптылардың ата-аналары, балалары, бауырлары.



Шектеулер бір мемлекеттік органдағы, квазимемлекеттік сектордағы жұмысқа тікелей бағыну белгілерінсіз, сондай-ақ әртүрлі басқару органдарында жақын туыстарының лауазымдарға орналасуына қолданылмайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер тізбесін заң шығарушы мүлтіксіз сақталуға тиіс қатаң ережелер нысанында қалыптастырды.



## **IX. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ**



Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін

### **ЖАУАПКЕРШІЛІК:**



Жеке мүдделер арасындағы қайшылық  
Өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамау



Басшыға хабарлау



Басшы адамды шеттетеді/ басқа адамға тапсырады /  
өзге де шаралар

### **ЗАҢНАМА:**



"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы  
" ҚР Заңының 15-бабы

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## МЫСАЛДАР



Туысының/досының/танысының тендерге қатысуы



Туыстарының (жекжаттарының) бірлескен жұмысы



Туыстарды (жекжаттарды) жұмысқа орналастыру бойынша конкурс комиссиясына қатысу



Жақын туыстарының, жұбайының/зайыбының кәсіпкерлік қызметпен айналысуы

**2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап**  
**1 АЕК – 3932 теңге**



## МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

ЖАУАПТЫ ЛАУАЗЫМДЫ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ОЛАРДЫҢ ЖЕКЕ МУДДЕЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫҚ ӨКІЛЕТТІЛІКТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚ ОНДА АДАМДАРДЫҢ ЖЕКЕ МУДДЕЛЕРІ **ОЛАРДЫҢ ӨЗ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАМАУҒА ЖӘНЕ ТИСІНШЕ ОРЫНДАМАУЫНА ӘКЕЛІП СОҒАДЫ**

### ҰЙЫМДЫҚ МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

ҰЙЫМ БАСҚА ҰЙЫМҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАТЫНАСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ОҒАН ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ ОНЫҢ ОБЪЕКТИВТІЛІГІ БУЗЫЛАДЫ

ҰЙЫМ ТАПСЫРЫС БЕРУШІ МЕН МЕРДІГЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ҚОСА АЛЫП ЖҮРЕДІ, СОНЫМЕН БІРГЕ ҚҰРЫЛЫС-МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫН, ЖСҚ ӘЗІРЛЕУДІ, ОЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫ ОРЫНДАЙДЫ

### ЖЕКЕ МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

ҚЫЗМЕТ БАБЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАР НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР СЫЯҚТЫ ЖЕКЕ ТұлҒАНЫҢ ЖЕКЕ МУДДЕЛЕРІ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУҒА КЕДЕРГІ КЕЛТИРЕДІ

ФИЛИАЛ БАСШЫСЫ, ЛАУАЗИМЫ БОЙЫНША Өңірлік комиссияның төрағасы ретінде, медициналық ұйымға (құрылтайшысы-жүбайы) негізсіз аванстық төлемдерді аударуы

## МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

<p>ІШКІ ТАЛДАУДА ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ БІРГЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ БОЙЫНША ФАКТИЛЕР КӨРСЕТИЛЕДІ</p> <p>ІС ЖҮЗІНДЕ МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ ТЕК ЖАҚЫН ТУЫСЫНА ҒАНА ҚАТЫСТЫ ЕМЕС (КҮРСТАСТАРЫ, ЖЕРЛЕСТЕРІ, ӘРІПТЕСТЕРІ, БҰРЫНҒЫ ӘРІПТЕСТЕРІ ЖӘНЕ Т.Б.)</p>	<p><b>ҚАҚТЫҒЫСТАР ПАЙДА БОЛАТЫН ЖАҒДАЙЛАР:</b></p> <ul style="list-style-type: none"><li>• СЫЙЛЫҚ АЛУ (ҚЫЗМЕТТЕР ЖЕҢІЛДІКТЕР, ДЕМАЛЫС ЖӘНЕ ОЙЫН-САУЫҚ ТӨЛЕМДЕРІ)</li><li>• ТЕНДЕРЛЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУЛАР</li><li>• КАДРЛАРДЫ ҮРІКТЕУ,</li><li>• МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТұлҒАЛАРМЕН ЖӘНЕ КОНТРАГЕНТЕРМЕН ЖҰМЫС</li></ul>	<p><b>Мысал:</b></p> <p>ҰЙЫМДАРДЫҢ БІРІНДЕ - МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН БАҚЫЛАУ БӨЛІМІНІҢ БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БҰРЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДА ЖҰМЫС АТҚАРҒАН - БҰЛ МУДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ ТУЫНДАУ ҚАУІПІН ТУДЫРАДЫ</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДА РЕТТЕЛМЕГЕН</li></ul>
---	--	---



## МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН АНЫҚТАУ ШЕШУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША КЕШЕНДІ ЖҮЙЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

### БЕКІТУ ҚАЖЕТ

- ТУЫНДАҒАН МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ТУЫНДАУ МҮМКІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАРДЫ ҰСЫНУ НЫСАНДАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫ ТІРКЕУ ТӨРТБІ МЕН ҚАРАУ МЕРЗІМДЕРІ
- МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН АНЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ БАҚЫЛАУ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ІС-ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӨРТБІ
- ЖЕКЕ МҮДДЕЛЕРДІ ЖАРИЯ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ ТӨРТБІ, БҮЛ МІНДЕТТІ ШАРА РЕТІНДЕ ЖЕТЕКШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОРПОРАТИВТІК КОМПАНИЯЛАРДА ҚАБЫЛДАНАДЫ
- МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ, АНЫҚТАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМШЫЛІК ЖҮЙЕНІ ІСКЕ АСЫРҒАНЫ ҮШІН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРДЫҢ ДЕРБЕС ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

40. Мүдделер қақтығысының түсінігі, жіктелуі және себептері

**Мүдделер қақтығысы** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін.

Жеке қызығушылық (мүдделілік) (тікелей немесе жанама) лауазымдық міндеттерді дұрыс емес, объективті және бейтарап, адал орындауға және соның нәтижесінде мемлекет мүддесін қорғауға әсер етеді немесе әсер етуі мүмкін

Көп жағдайда мүдделер қақтығысының туындауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамаумен немесе бұзумен байланысты.

Мүдделер қақтығысын басқару - бұл алдын алу, анықтау, ашу, реттеу және мониторинг жөніндегі іс-шараларды қамтитын процесс.

Мүдделер қақтығысының алдын алу болашақта мүдделер қақтығысының туындауының алғышарттарын болдырмау үшін шаралар қабылдауды білдіреді.



#### 41. Мүдделер қақтығысының түсінігі, құрылымы және субъектілері




ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес мүдделер қақтығысы мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген

адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" ҚР Заңына сәйкес мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін болатын кездегі мемлекеттік қызметшінің жеке басының мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық.



**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ мүдделерінің қақтығысы ұғымы табиғаты (мүдделер қақтығысының аясы)**



**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" ҚРЗ мүдделер қақтығысы ұғымы Табиғат (мүдделер қақтығысы аясында)**





## Мүдделер қақтығысының құрылымы



көрсету

Мүдделер қақтығысының субъектісі-мүдделер қақтығысы жағдайындағы адам

Мүдделер қақтығысының мәні (объектісі) - жеке мүдделер мен лауазымдық өкілеттіктер арасындағы қайшылық

Мүдделер қақтығысының бейнесі – мүдделер қақтығысы субъектісінің санасында қақтығыс тақырыбын



Мүдделер қақтығысының мотивтері- қақтығыс тақырыбын ашық қарама-қайшылыққа итермелейтін ішкі ынталандырушы күштер (қажеттіліктер, мүдделер, құндылықтар, мақсаттар идеалдар, сенімдер және т.б.).



Мүдделер қақтығысының себептері мен шарттары - қақтығыстың алдындағы және белгілі бір жағдайларда мүдделер қақтығысын тудыратын құбылыстар, оқиғалар, фактілер, жағдайлар

## Мүдделер қақтығысының құрылымы

Мүдделер қақтығысының субъектісі-мүдделер қақтығысы жағдайындағы адам

**Мүдделер қақтығысының құрылымында барлық элементтер бар болғанша ол шешілмеген болып табылады.**

Мүдделер қақтығысының ең күшті мотиві - бұл өзіне және үшінші тұлғаларға артықшылық алу қажеттіліктерін қамтуы мүмкін материалдық және материалдық емес объектілердің жетіспеушілігінен туындаған жағдай.

Сонымен қатар, мүдделер қақтығыстарын басқару процесінде мемлекеттік қызметшінің (қызметкердің) лауазымдық өкілеттіктерін орындамауға немесе тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекетті (әрекетсіздікті) жасауға ниетімен, ұмтылысымен, артықшылығымен, ынтасымен, қажеттілігімен негізделген кез келген уәждемені қарау орынды.



Бұл ретте жеке мүдделер деп жеке және/немесе делдалдар арқылы өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мүмкіндігін түсіну керек.

Артықшылық алу деп пайданы, артықшылықты (басқа біреумен салыстырғанда) алуды немесе айрықша құқықты немесе артықшылықты алуды түсіну керек.

<b>Мүліктік игіліктер</b>
➤ <u>зағтар</u>
➤ <u>ақша, оның ішінде шетел валютасы</u>
➤ <u>қаржы құралдары</u>
➤ <u>жұмыс орны</u>
➤ <u>қызмет көрсету</u>
➤ <u>шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтелген нәтижелері</u>
➤ <u>фирмалық атаулар</u>
➤ <u>тауар таңбалары және өзге де құралдар</u>
➤ <u>бұйымдарды дараландыру</u>
➤ <u>мүліктік құқықтар</u>
➤ <u>басқа мүлік</u>

<b>Жеке мүліктік емес игіліктер</b>
➤ <u>өмір сүру</u>
➤ <u>денсаулық сақтау</u>
➤ <u>жеке адамның қадір-қасиеті</u>
➤ <u>абырой</u>
➤ <u>ігі атақ</u>
➤ <u>іскерлік бедел</u>
➤ <u>жеке өмірге қол сұғылмаушылық</u>
➤ <u>жеке және отбасылық құпия</u>
➤ <u>есім алу (атау) құқығы</u>
➤ <u>авторлық құқық</u>
➤ <u>шығармаға қол сұғылмаушылық құқығы</u>
➤ <u>басқа да материалдық емес игіліктер мен құқықтар</u>

### **Назар аударыңыз!**

**Мүдделер қақтығысының субъектілері деп танылған адамдарға мыналар жатады:**

- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам
- лауазымды адам



## 42. Мүдделер қақтығысының субъектілері деп танылған тұлғалар

Мүдделер қақтығысының субъектілері деп танылған тұлғалар		
№	Субъектілер санаттары	Санатқа жатқызылған тұлғалар
1.	➤ жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам	➤ мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін ҚР Конституциясында, ҚР конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам ➤ ҚР Парламентінің депутаты ➤ ҚР Конституциялық Сотының судьясы ➤ Судья ➤ ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ➤ мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам
2	➤ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам	➤ мемлекеттік қызметші ➤ мәслихат депутаты ➤ мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді мемлекеттік қызметке тағайындалғанына дейін уақытша атқаратын адам.
